

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЙРАТКЕР-СЫНШЫСЫ

*КӨРНЕКТІ ӘДЕБИЕТТАНУШЫ-ҒАЛЫМ, АКАДЕМИК
МҰХАМЕДЖАН ҚАРАТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ*



Сөз өнері мұраларының әлемдегі оқырмандарға кен танылуына мұрындық болатын ғылым салаларының бірі – әдебиеттану. Қазақ әдебиеттану ғылыминың тарихында Әбунәсір әл-Фараби, Шоқан Үәлиханов, Ахмет Байтұрсыновтардан бастау алған ұлы жол бүгінгі күндерге дейін жалғасып отыр. Сол ұлы жолдың бел-белестеріндегі үлкен шоғыр XX ғасырдың 20-90-жылдарының арасындағы әдебиетшілер болып табылады.

Қазақ әдебиеті тарихының XX ғасырдағы алыптар шоғырының көш бастаушылары Әлихан Бекейханов, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймайтуров, Міржақып Дулатовтардан басталған дүниежүзілік әдебиеттану ғылымиңдағыдай игі дәстүрлердің жалғаса түсіү – уақыт шындығы. Мысалы, XX ғасырдың 20-30-жылдардағы қазақ әдеби салынының ең отты, уытты мазмұнында осы аталған алыптардың білімдарлық өнегелерімен Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұканов, Фабит Мұсірепов салының каламгерлермен ілесе бір топ талантты әдебиет салынылары да өсіп шыққан-ды. Жаңарлық түлеуге, такырыптық-көркемдік шеберлікке жетуге үмтүлған қазақ әдебиеті тарихында Есмағамбет Исмайилов, Бейсенбай Кенжебаев, Мұхamedжан Қаратаев, Рахымжан Жаманқұлов, Ыдырыс Мұстанбаев, Құлмырза Өтепов, Әлібек Қоныратбаев, Зейін Шашкин, Саттар Ерубаев және бұларға ілесе Қажым

Жұмалиев, Темірғали Нұртазин, Әуелбек Қоныратбаев, Белгібай Шалабаевтар әдебиет салынылары ретінде танылған болатын.

Ақмешіт, Қаратау атырабындағы бұрынғы 32-ауылда (казіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы) 1910 жылы 27 желтоқсанда дүниеге келген Мұхamedжан Қожасбайұлы Қаратаев – қазақ әдебиеті салынын ірі тұлғаларының бірі. Қазақ халқының тарихындағы барлық мәселелерді өз орындарына қою күн тәртібіне ерекше қойылып отырғанда туған әдебиеттің марқаю, өсу жолдарының ықпалды сарапшысы болып келген ғалым-салының өзіндік дара шығармашылық еңбегін анықтай айтуды – парызымыз.

1923–1933 жылдар арасындағы оның өмірбаяндық жолы талаптың тұлпарын мінген жас таланттың алғашқы баспаңдақтары еді. Жаңакорғандағы мектеп-интернатта басталған оқу сапары Қазактың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтындағы қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітірісімен ғылыми-зерттеушілік жолға жалғасты. Жазушылық-салының, ғалымдық жұмыстар мазмұнының негізгі іргетасын осылай қалаған жас талапкердің әлемдік ғылыми таным мұхитына құлаш сермеуі Ленинградтағы тарих, философия, әдебиет институтындағы оқыған аспирантура жылдарында (1934–1936 жж.) жүзеге асқан-ды. Эрине әдебиеттану ғылымиңан өмірлік мурат сапарындағы оқу-іздену жұмыстарын ғалым-салының ғұмыр

кезеңдерінің барлығында да сол жастық шағындағы қызулы, албырт калпындағыдай іңкөр көнілмен шабыттана жүргізуін үнемі тоқтатқан емес.

Ғалым-сыншы М. Қ. Қаратас – жиырмадан астам әдеби-сын, зерттеу кітаптарының, әлденеше жүздеген макалалардың авторы. Әдебиет сыншысы – оқырмандар мен жазушылардың арасындағы елші, дарынды қаламгерлердің, кемшіліктен арылуына себін тигізетін емші, биқтеп-биқкеп өсуіне ықпал етуші, дарынсыздардың әдебиеттің атты ардың ісі болып табылатын касиетті өлкеде жүрмеуін қадағалаушы. Әдебиет сыншысының жолы – әрі айбынды, құдіретті, қастерлі, әрі жінішке, қын сапар. «Тура біде туған жоқ, туғанды біде иман жоқ» деп бағаланатын әділқазылық-сыншылық жұмыста туралық атты жарқылдаған өткір жүзді алдаспан қылышты адамның адамыған алып жүрері хак.

Ғалым-сыншы М. Қ. Қаратастың «Туған әдебиет туралы ойлар» (1958) атты макалалар жинағы оған филология ғылымының кандидаты ғылыми атағын алғып берген болатын. Одан кейін бірінен соң бірі жарияланған «Жыр қанатында» (1959), «Өнерпаз болсаң аркалан» (1960), «Әдемілікке үйрететін ұстаз» (1965), «Шеберлік шынына» (1963), «Эпостан эпопеяға» (1969), «Әдебиет және эстетика» (1970), «Революция рухымен» (1970), орыс тілінде жарияланған «Қазақ әдебиеті» (1960), «Дүниетаным және шеберлік» (1963), «Домбырадан – кітапқа» (1969), «Асулар алда» (1973) жинақтары, таңдамалы шығармаларының үш томдығы (1974, 1988), «Ізденис іздері» (1984) атты кітаптары – казақ әдебиеттану ғылымының қазынасын молайтқан бағалы енбектер.

Сыншылық пен ғалымдықтың тұтаскан салаларын бойға сініру, әрине, қаламгерлік шығармашылық қабілетпен, автордың терең білімдарлығымен тығыз байланысты. М. Қ. Қаратастың әдеби-сыншылық енбектеріне тән басты сипаттардың қатарында жинақтаушылық, теориялық тұжырымдарының тиянактылығы, тереңдігі, казақ әдебиетінің тарихындағы кесек туындыларды жанр табиғатына орай талдай білушілігі, фольклор мен әдебиетке тән ортақ және айырым белгілерді, жеке қаламгерлердің шығармашылық шеберлігін, кемшіліктерін дәл бағалай біletтіні – әдебиеттің сүйеттің барша оқырмандарға мәлім.

Ғалым-сыншының «Қазақ прозасында социалистік реализмнің қалыптасуы» (1965) атты ғылыми-теориялық монографиясы авторды

ғылым докторы атағына ие ете отырып, қазақ әдебиеттегі ғылымына әдеби-теориялық талдауға құрылған зерттеушіліктің үлгісін танытты. Енбекте 20–60-жылдар арасындағы қазақ әдебиеті тарихындағы ірі тұлғалардың шығармашылық шеберлігінің сырлары арқылы үлттық әдебиетіміздің дүниежүзілік әдеби дамуға қосылатын үлес салмағына сарапшылық бағасын береді. Теориялық талдаулардың, түйдек-түйдек түйіндеулердің жалпы мазмұнында кездесіп отыратын мынадай тұжырымдама-анықтамалардың шынайылығына кім де болса ден кояды: «С. Сейфуллин прозасында документке негізделген дәйектілік пен жалынды публицистикалық сарын басым, Б. Майлин прозасында тұрмыс суретін, адам мінезін үлкен көрегенділікпен бейнелеу шеберлігі басым, С. Мұқанов прозасында эпикалық кең алқаптылық пен өсерлі әңгімешілдік қабілеті басым. М. Әуезов прозасында эпикалық құдіреттілік пен нәзік лиризм, сұлу сыршылдық пен терең психология базасынан. F. Мұсірепов прозасында шынайы суреткерлік пен шебер сөз кестелігі басым. F. Мұстафин прозасында деталь тапқырлығы мен қарапайым стиль лаконизмі басым» (Танд. шығ. үш томдығы. 1974. 2-том. 389-б.).

Ғалым-сыншы М. Қ. Қаратастың басқаруымен «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томының екінші кітабы (1964), үшінші томының бірінші және екінші кітаптары (1967) жарияланған болатын. Қазіргі кезде өзірленіп жатқан қазақ әдебиетінің он томдық тарихына арналған ірі жұмыста да ғалымның тәлімгерлік-жетекшілігінің айрықша орын алары сөзсіз.

М. Қ. Қаратас – аудармашы. Қаламгердің М. Горькийдің «Менің университеттерім», М. А. Шолоховтың «Тынық Донының» үшінші кітабын аударуы бұл саладағы шығармашылық өнерінің өзіндік мәнерін танытады.

Әдебиет сыншысы – көркем кара сөздің, өлеңдік сөздің ішкі мағыналық терендіктерін терең танушы. Бұл орайда сыншының өзі де эпос, лирика, драма тектері бойынша көркем туынды жаза білсе, әрине, құба-құп.

М. Қ. Қаратастың көптеген очерктері, жолжазба еңгімелері, «Даладағы дабыл» (1962) атты деректі романы, «Көргенім мен көнілдегім» (1982) атты естелік-эссе әңгімелер жинағы – оқырмандарға жылы өсер берген туындылар.

Туған әдебиеттің әлемдік әдеби дамуға үн косуына басшылық, әдеби сыншылық-ғалымдық қызметтерімен сүбелі үлес қосқан М. Қ. Қара-

таев еңбегінің тағы бір саласы – оның ұстаздық жұмысы. Ол 1936 жылдан бастап Қазак педагогикалық институтындағы әдебиет кафедрасының доценті, кафедра менгерушісі, кейіннен Қазак мемлекеттік университетінің профессоры қызметтерін атқарады. Студент шәкірттерге ұзак жылдар бойы дәріс оқи жүріп, профессорлар Т. Нұртазинмен, С. Қирабаевпен бірлескен авторлықпен жоғары оқу орындарына арналған «Қазак совет әдебиеті» оқулығын жазып шығарды. 1941–1951 жылдары Жамбыл педагогикалық училищесінде, бірнеше казак мектептерінде мұғалімдік қызметте атқарды. Ұстаз атаулының бәрі – шәкірттерімен ғана көркіті. М. Қ. Қаратаев қазақтың талай-талай дарынды жастарына ғылыми жетекші, ресми сарапшы ретінде танымал. Корғалып жатқан кандидаттық, докторлық диссертациялардың сәтті нәтижелерінде ғалым-ұстаз еңбектерінің ғылыми-теориялық методологиялық өзіндік үлесі бар.

М. Қ. Қаратаев – ғалымдық-сыншылық, қalamгерлік шығармашылығын басшылық жұмыстармен қатар алғып жүрген қайраткер. Қазақстан Жазушылар Одағының хатшысы, төрағасы, Көркем әдебиет баспасында аға редактор, директор қызметтерін атқарды. 1960 жылдан бері қарай Қазак ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында казак совет әдебиеті бөлімін баскарды. 1968–1978 жылдары осы қызметіне қоса Қазак Совет Энциклопедиясының Бас редакторы болып істеді. КСРО және Қазақстан Жазушылар одағы басқармаларының, әдебиет сыйыларының Халықаралық Ассоциациясының, «Литературное обозрение», «Жұлдыз», «Простор» журналдарының редакция алқаларының мүшесі болған.

Академик М. Қ. Қаратаев ғылымдағы табыстары үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ КСР ғылымының еңбегі сінген қайраткері атағын алды және Шокан Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды.

1917 жылдан бергі әдебиет тарихына катысты тұлғалардың белгілі кезеңдердегі қызметтеріне баға беруде сол кезеңге тән ұлттымыздың басына тәнген нәубет тасқынына, адам баласы шыдас бермес азаптау заманына тарихи баға беріліп жатқаны баршаға аян. С. Мұқанов, М. Әуезов, Ф. Мұсірепов, Ф. Мұстафин және солардан кейінгі толқын әдебиетшілердің алдыңғы толқын алыптарынан, асылдарынан қапияда айрылып, өздері де сергелден қүйде жүріп, зұлмат жағдайдың күрбаны болғандардың бірі де осы Мұхан болғанын біз де білеміз. Қазіргі кездегі ұлттық демократиялық жаңа жылдарын бастап өткізіп жатқан туған халқымыздың зиялды қауымы ұлттық әдебиетіміздің, мәдениетіміздің бұрынғы және қазіргі асылдарын сактап, аялай білу тағылымын, лайым енді жоғалтпаса екен! Сондықтан қазак ұлттының басынан өткен тағдыр тәлкегі зардаптарының енді қайталанбауына атсалысу – бәріміздің де қасиетті борышымыз деп білеміз.

Қазіргі тәуелсіз Қазақтанның әдебиеттануы ғылымының қалыптасуы, даму тарихында өзіндік маңызды орны бар, Енбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі», «Халықтар достығы» ордендерінің иегері ғалым-сыншы, жазушы, академик М. Қ. Қаратаевтың шығармашылық қalamгерлік тұлғасы – ұлттық өркендеу тарихымыздың өзіндік бір биігі. Мұхамеджан Қожасбайұлының кіндік қаны тамған атамекені, ежелгі Ақмешіт, Қаратау атырабы, Сыр бойы, байтақ казак даласы өз перзенті есімінің туған халқының тарихымен бірге жасай беретініне кәміл сенеді. Халық тарихындағы озбыр билік жүйесінің кесірінен орын алған зардапты олқылықтарымыздың енді қайталанбауы үшін төл тарихымыздағы тағдыр тәлкегіне ұшыраған тұлғаларымыздың ұрпақтар қажетіне жарайтын мұраларын қазіргі тәуелсіздік рухындағы азаматтық-отаншылдық дархандықпен, ұлттық көніл жомарттығымен бағалауымыз керек. Бұл – казақтың ұлттық тұтастығын нығайту, дамыту үшін аса маңызды ұстанымымыз.

Т.С. ТЕБЕГЕНОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі Қазақ әдебиеті кафедрасының менгерушісі